

ӘОЖ 347.5

Ғ.Ә.Серім

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы
(E-mail: gainee88@mail.ru)*

**Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелердегі
зиян келтірушінің және жәбірленушінің кінәсі**

Мақалада азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартудың негізіне алынатын зиян келтіру қағидасы мен кінә қағидасы деп аталатын екі түрлі тұжырымның айырмашылықтары, артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылды. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық құқық ғылымындағы «кінә» ұғымына қатысты әр түрлі көзқарастарға талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде автор зиян келтірушінің кінәлі жауапкершілік қағидасын қолдай отырып, деликтілік құқықтық қатынастағы тараптардың кінәсі осы міндеттемелердің құқықтық табиғатына қарай кеңірек көрініс табады және өзіне тән ерекшеліктерге ие болады деген қорытынды жасайды.

Кілт сөздер: кінә, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, зиян келтіру, зиян келтірушінің кінәсі, жәбірленушінің кінәсі, жәбірленушінің әрекеті, деликтілік міндеттемелер.

Ұзақ уақыт бойы «кінә» ұғымы туралы, «кінә» мен «құқыққа қайшы әрекет» ұғымдарының ара қатынасы туралы ғылыми даулар толастамай келеді, сонымен бірге кейбір авторлар кінәнің белгілері мен құқыққа қайшы әрекет ұғымының белгілерін ұқсастырып қарастырады. Мамандардың көпшілігі «кінә» ұғымына қатысты мынадай әділетті шешімге келді: кінә — жалпықұқықтық категория болғаны үшін ол барлық құқық салаларында бірдей мәнге ие болуы керек. Бұл мәселедегі айырмашылықтар ежелден бастап екі басты тұжырымдамада көрініс тапқан, олардың негізінде зиян келтіру қағидасы мен кінә қағидасы жатыр.

Бірінші қағиданың жақтастары бір ғана фактінің бар екенін таныған және танып келеді: ол — зиян келтіру фактісі, оған сәйкес шарт талаптарының орындалмағандығы үшін, тіпті дүлей күштің нәтижесінде туындайтын барлық зардап келтіру тәуекелі борышқорға (зиян келтірушіге) жүктелетін болған.

О.А.Красавчиков пен М.Я.Шиминова кінәсі болмаса да жауапкершіліктің болатындығын дәлелдейтін бірнеше теориялардың бар екендігін айтып кетеді: «екі бастама теориясы», «ерекшелігі бар кінәлі бастама теориясы» және «объективті кезең теориясы» [1; 45; 2]. Аталған теориялар оның ынталандырушы сипатына, заңның терминологиясы мен жәбірленушінің мүдделерін қорғау қажеттілігіне кінәсіз сілтемесіз-ақ жауапкершіліктің болуын ақтайды және оны жауапкершіліктен туындаған кінәге байланыссыз шығынды өтеу міндеттілігі деп атады. А.М.Белякованың көзқарасы бойынша, «кінә қағидасы азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі бола отырып, дәйекті түрде жүзеге асырылуы қажет» [3].

Кінә қағидасының жақтаушылары зиян келтіру фактісін шарттық немесе деликтілік міндеттеме туындауының алғышарты деп ойлайды, яғни кінәлі құқыққа қайшы әрекет үшін ғана борышқор, зиян келтіруші жауапкершілікке тартылуы керек.

Бұл даулар қазақстандық азаматтық құқық ғылымында да талқыға түсті. Республикадағы нарықтық қатынастардың дамуына орай Қазақстанның азаматтық құқық саласында азаматтық-құқықтық қатынастарға зиян келтіру қағидасына үлкен мән беру қажеттілігіне байланысты сұрақтар жиі туындай бастады. Бұл бағытты жақтаушылардың тұжырымдамасы бойынша, азаматтық-

құқықтық жауапкершіліктегі ең басты нәрсе — ол бұзылған құқықты қалпына келтіру, оның негізгі функциясы — басқа құқық салаларындағыдай жазалау емес, келген шығынның орнын толтыру. Сонымен қатар құқық бұзушының жасалған өзінің құқық бұзушылығына қатысты психикалық көзқарасы ешкімді аландатпауы керек, бұл жерде бұзушылық фактісінің өзі және оның құқыққа қайшылығы маңызды орынға ие болады. Ю.Г.Басиннің пайымдауынша, ҚР Азаматтық кодексінің (АК) 359-бабында көрсетілген «кінә» ұғымының мінез-құлықтық аспектісі орындалуға тиісті міндеттемеге қатысты борышқордың субъективті қатынасын былай сипаттайды: «Құқық бұзушы міндеттеменің бұзылуына жол бермейтіндей барлық тиісті іс-шараларды қолданбады» [4].

Біздің пікірімізше, азаматтық құқықта, әсіресе деликтілік құқықтық қатынастарда «кінә» ұғымынан үзілді-кесілді бас тартуға болмайды. Біз зиян келтірушінің кінәлі жауапкершілік қағидасын бекіткен заң шығарушының бағытына толығымен қосыламыз (АК 917-б.). Зардаптардың орнын толтыруға қатысты кінәлінің мінез-құлық аспектісінің де өзінің субъективтік жақтары бар, себебі, біріншіден, өзінің құқыққа қайшы әрекетінің салдарын көру мүмкіндігі бар және, екіншіден, олардың алдын алу мүмкіндігі бар.

Жоғарыда айтылғандар азаматтық құқықтық қатынастардағы «кінә» ұғымына қатысты сұрақтар бойынша әлі де бірегей көзқарастың жоқ екендігін дәлелдейді. О.А.Красавчиковтың пікірі бойынша, бұл азаматтық-құқықтық әдебиеттердегі зиян келтірудің үш түрін (кінәлілік, субъективті-кездейсоқтық және объективті-кездейсоқтық) нақты, айқын бөліп көрсетпедің нәтижесі [1; 149].

Біздің көзқарасымыз бойынша, 1889 ж. неміс ғалымы Гирке айтқан мынадай тұжырымдама дұрыс: «Егер зиян келтіруші кінәлі болмаса, жәбірленушінің кінәсі одан да аз» [5]. Бұл пікірді М.К.Сүлейменов те қолдайды: «Егер бұрындары субъективтік жауапкершілік қағидасы жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауға арналған болса, қазір оларға қарсы әрекет етіп тұр, ал объективтік жауапкершілік қағидасы жеке тұлғаларды және олардың игіліктерін қорғап жүр» [6].

Біздің ойымызша, Гиркені сынай отырып жазған И.А.Покровскийдің тұжырымы да ақылға қонымды: «Көшеде келе жатып сіз өзіңізді нашар сезіне бастадыңыз, талып бара жатып, дүкеннің терезесін сындырып қойдыңыз...». Осыған ұқсас жағдайларда қандай этикалық түсінік бойынша тұлғаны істеген әрекеті үшін жазғыра аламыз? Гиркенің жоғарыда айтқан: «Егер зиян келтіруші кінәлі болмаса, жәбірленушінің кінәсі одан да аз» деген пікірімен қанағаттанып қоюға болмайды. Осы түсінік бойынша кез келген көлденең жүргіншіні «Менің кінәм не?» деген сұрағына «Сен, әрине, кінәлі емессің, бірақ зардап шегушінің саған қарағандағы кінәсі одан да азырақ» деп жауап беру арқылы теңдей құқықта жауапкершілікке тарта беруге болар еді [7].

Егер кінәлілер болмаса, әділетті сұрақ туындайды, даудың мәні не және шындық қайда? Бұл сұрақтардың мағынасын шынайы түсіну үшін қарастырылып отырған қағидалардың әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктерін атап өтейік.

Зиян келтіру қағидасының артықшылығы — ол кредитордың (жәбірленушінің) мүддесін максималды түрде қамтамасыз етеді, ал кемшілігі — ол бұны кінәсіз тараптың (борышқордың) есебінен жасайды. Әңгіме шарттық жауапкершілік туралы болғанда зиян келтіру қағидасы сөзсіз үйлесім табады, әсіресе кәсіпкерлік міндеттемелер аясында, өйткені «кінәсіз жауапкершілік кәсіпкерлікке тән тәуекелділікке сүйенеді», ал деликтілік жауапкершілік үшін ол тиімсіз болады. Себебі деликтілік міндеттемелер азаматтық құқықтық қатынастардың ерекше түрі, өйткені олар шарттан емес, бір тұлғаның екінші тұлғаға зиян келтіру фактісінен туындайды. Осыған байланысты деликтік міндеттемелердің жария-құқықтық қатынастармен ортақ тұстары көп, өйткені оның туындау негізі болып деликт (құқық бұзушылық) есептеледі, бұл жағдайда деликтік (азаматтық-құқықтық) және жария (қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық) құқықтық қатынастар бірдей туындай бермейді. Сондықтан да кінә қағидасынан толығымен бас тарту дұрыс болмаған болар еді [8].

Деликтілік-құқықтық қатынастағы кінә қағидасының артықшылығы — ол жәбірленген тараптың ғана мүлктік мүдделерін қорғап қоймай, кінәсі жоқ зардап келтірушінің де игіліктерін қорғайды. Ал кемшілігіне келетін болсақ, ол бұны жәбірленуші тараптың арқасында жүзеге асырады.

Деликтілік міндеттемелер кезіндегі кінәсіз жауапкершіліктің шарттық жауапкершіліктен айырмашылығы — оның қолданылу аясы тар. ҚР Азаматтық кодексінде қайнар көзі қауіп-қатер болып табылатын шығын үшін жауапкершіліктен басқа, алдын ала тергеу, тану органдары, сот пен прокуратурадан келетін шығын үшін жауапкершілік көрсетілген (923-б.).

Кінәсіз келтірілген шығын үшін жауапкершілікті кімге жүктеу туралы дауды шешу — құқықтың басқа салалық институттарында да қолданылып жүр. Біріншіден, бұл — сақтандыру институты, соның ішінде қайғылы жағдайлардан сақтандыру секілді түрі. Екіншіден, әлеуметтік қорғау

институты, ол, егер жәбірленуші (кредитор) кінәсіз келтірілген зиян нәтижесінде мемлекет тарапынан қандай да бір әлеуметтік жеңілдік, жәрдем ақша немесе басқа да көмек көрсетілетін азаматтардың категориясына жататын болса, осы институт өз жұмысына кіріседі. Үшіншіден, құқық бұзушылық арқылы келтірілген зиянның орнын толтыру үшін құрылған әр түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес қорлар. Тағы бір айтып өтетін жайт, әлемдік құқық қолдану тәжірибесінде мұндай институттар өздерін салыстырмалы түрде тиімді жағынан көрсетті. Бірақ деликтілік құқықтық қатынастағы жәбірленушінің (кредитордың) мүліктік мүдделерін қорғау құралы ретінде ғалымдармен аталмағанымен, үшіншісін қоспағанда біздің республикамызда олардың барлығы жұмыс жасайды.

Деликтілік міндеттемелер табиғатына қарай ерекше болғанымен, олар азаматтық-құқықтық қатынастардың бірі болып табылады. Сондықтан да деликтілік міндеттемелердегі зиян келтірушінің кінәсінің қылмыстық құқықтағы және әкімшілік құқықтағы кінәмен ортақ тұстары көп деп айтатын болсақ, деликтілік-құқықтық қатынастағы тараптардың кінәсі осы міндеттемелердің құқықтық табиғатына қарай кеңірек көрініс табады және өзіне тән ерекшеліктерге ие болады.

Біріншіден, мысалы, Қылмыстық кодексте қылмысты саралау үшін, жазалау шарасының нысанын таңдау үшін кінә түрінің орны ерекше болса, азаматтық заңнамада зиянның туындау себебі мен оны өтеуге тиісті шығын көлемі зиян келтіруші кінәсіне тәуелді болмайды. Біздің ойымызша, мұндағы бір ерекшелік — моральдік зиян үшін өтемақы төлеу, яғни осындай өтемақының көлемін анықтау кезінде зиян келтіруші кінәсінің түрі ескеріледі.

Екіншіден, азаматтық заңнамаға сәйкес (ҚР АҚ 917-б. 2-т.), зиян келтіруші әрдайым өзінің кінәсіздігін дәлелдемейінше кінәлі болып есептеледі.

Үшіншіден, азаматтық құқықтағы шығынды өтеу міндеттемесі жоғарыда айтып өткендей, оны кінәсіз келтіргендігі үшін де туындайды (ҚР АҚ 931-б. 1-т.; 923-б. 1-т.; 922-б. 1-т.).

Төртіншіден, жекелеген жағдайларда келтірілген зиянды өтеу міндеттемесі тікелей зиян келтіруші кінәсіне байланысты емес, нәтижесінде жәбірленушіге зиян келтірген бұзақының тәртібіне қатысты жауапты тұлғаның психикалық қатынасына байланысты болады. Мысалы, кішкентай балалар немесе сотпен әрекет қабілетсіз деп танылған тұлғалармен келтірілген зиян үшін жеткілікті түрде бала тәрбиесіне көңіл аудармаған ата-ана немесе әрекетке қабілетсіз тұлғаның жүріс-тұрысы үшін дұрыс бақылау жүргізбеген қорғаншы жауапкершілікте болады.

Бесіншіден, кінә деликтілік жауапкершіліктің субъективті бөлігі болып саналғандықтан, ол жеке тұлғаларға ғана емес, заңды тұлғаларға да тән құбылыс.

Алтыншыдан, деликтілік жауапкершіліктің бөлігі ретіндегі кінәнің тағы бір ерекшелігі — ол зиян келтірушінің келтірілген зиянға қатысты психикалық қатынасын сипаттап қана қоймай, зардаптың келуіне әкеліп соқтырған өзінің жүріс-тұрысына қатысты жәбірленушінің де психикалық қатынасын сипаттайды. Сонымен азаматтық заңнамаға сәйкес, соңғының кінәсі мен оның түрлеріне келесілер тәуелді болады: шығынды өтеу қажеттілігінің бар-жоқтығы, осындай шығынның көлемі (Азаматтық кодекстің 935-б. 1, 2-т.).

Жетіншіден, деликтілік міндеттемелердегі «кінә» ұғымы зиян келтіруші мен жәбірленушінің ғана психикалық қатынасын сипаттап қоймай, мысалы, соңғы қажеттілік жағдайларына дейін жеткізген үшінші тұлғалардың да психикалық қатынасын сипаттайды.

Заңнамалар кінә категориясының табиғатын әрдайым ескере бермейді, сондықтан да субъектіге (зиян келтірушіге немесе жәбірленушіге) қатысты «кінә» ұғымын қолдану бірнеше міндетті талаптармен байланысты болады: объективті жағдайлар (әрекеттің құқыққа қайшылығы) және субъективті жағдайлар (мысалы, 14 жасқа жету). Нақтырақ айтсақ, бұл Азаматтық кодекстің 935-бабында «кінә» категориясы және жәбірленушіге қатысты оның формаларын белгілейтін категорияларды қолдану кезінде көрсетілген.

Жалпы ережеге сәйкес «кінә» дегеніміз — құқыққа қарсы әрекет және оның зиянды нәтижелері үшін осы әрекетті жасаған тұлғаның психикалық қатынасы. Соған сәйкес, «кінә» субъективті категория ретінде, оның түрлері — «қасақана ойластыру» және «үлкен абайсыздық» заң құқық бұзушылық деп таныған әрекеттерді ғана сипаттай алады. Өзінің құқықтары мен мүдделерінің зиян келуіне әкеп соқтырған жәбірленушінің әрекетін (осындай әрекеттермен мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерге зиян келетін жағдайларды қоспағанда) құқыққа қайшы деп санауға болмайды.

Жәбірленушінің әрекеті заңға қатысты, заңмен қорғалатын мүдделерге қатысты теріс пиғылынан емес, керісінше, оның көзқарасы бойынша, ізгілікті болып көрінгісі келгендіктен, туындайтын әр түрлі мотивтердің нәтижесі болуы мүмкін. Мысалы, емделмейтін СПИД, туберкулез немесе онкологиялық аурулармен ауыратын адам ұзақ уақыт бойғы жан азабынан арылу үшін немесе

туыскандары мен жақын адамдарын материалдық шығындардан арылту үшін поездың астына түсіп қайтыс болады. Жәбірленушінің мұндай қылығы қоғаммен сыналатын және аморальді қылық болып есептелгенмен, аталған әрекет үшін қандай да бір заңды жаза алып қалу қорқынышы бар деп тыйым салынуға жатпайды. Сондықтан да, біздің ойымызша, жәбірленушінің өз құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соқтырған әрекетіне қатысты психикалық қатынасын «кінә» және оның түрлері категориясына жатқызуға болмайды.

«Жәбірленушінің кінәсі» категориясын қолдануға оның құқық бұзушылық әрекеті жағдайларында, нақтылай айтсақ, қажетті қорғаныс шегінен асып кету немесе жәбірленушінің құқыққа қарсы әрекеттерінің арқасында туындаған соңғы қажеттілік жағдайында шығын келтіру кезінде жол беріледі. Қажетті қорғаныс шегінен асып кетушілік кезіндегі сияқты, егер жәбірленуші соңғы қажеттілік жағдайын тудырмаған болса, зиян келтірушімен бағасы төменірек мүдделерге, бұл жағдайда жәбірленушінің мүдделеріне зиян келтіру арқылы құқықпен қорғалатын құны бағалы игіліктер мен мүдделерді сақтау қажеттілігі де туындамас еді.

Кінә өзінің құқыққа қайшы әрекеті мен оның зиянды нәтижелеріне қатысты тұлғаның психикалық қатынасы ретінде жеке тұлғаның саналы түрде жасаған өнімі болып есептеледі. В.А.Тархов былай деп дұрыс жазады: «Кінә нақты жағдайларға байланысты тұлғаның саналы жасаған әрекеті деп есептейтін болсақ, әрекетке қабілетсіз тұлғалардың кінәсі туралы сөз қозғаудың қажеті де жоқ. Кішкентай балалар жәбірленуші ретінде де, жауапты тұлға ретінде де кінәлі бола алмайды» [9]. Өкінішке орай, мұндай тұжырымдама заңда көрсетілмек тұрмақ, соттық тәжірибеге де кері әсерін тигізеді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының Азаматтық істер бойынша алқасының Қаулысында жәбірленуші жас балаға қатысты «жәбірленушінің кінәлі іс-әрекеті», «жәбірленушінің үлкен абайсыздығы» сияқты категориялар қолданылған.

Коллегия Л-ның шағымы негізінде К-дан материалдық және моральдік шығынды өтеу туралы азаматтық іс бойынша Алматы қаласының Түркісіб аудандық сотының шешімін және Алматы қалалық сотының азаматтық істер бойынша алқасының ұйғарымдарының дәлелді түрде күшін жойды. Өзінің шешімін Алқа былай деп түсіндіреді: алдыңғы екі сот қарауында басқа жағдайлармен қоса қозғалыс қауіптілігіне көз жеткізбей жатып автобустан жүгіріп түсіп, автомобильдің астында қалып, мүгедектік алған баланың іс-әрекеті ескерілмеген. Сонымен қатар Л-ның бұл қылығын, коллегия анықтағандай, кінәлі деп есептеуге болмайды, себебі ол өзінің зиян келтіруші әрекеті үшін жауапкершілік субъектісі болатындай жасқа жетпеген (14 жас). Егер тіпті жәбірленушінің кінәсі туралы сөз қозғалғанның өзінде, қоғамдық көлікті қолдану кезіндегі және жолдың келесі бетіне өту кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталу тәртібін үйретпеген ата-ананың кінәсі туралы айтылу керек.

Ойлау функциясы іс-әрекеттің мақсатын құрудан тұрады, өзінің іс-әрекеттерін алдын ала ой жүзінде құрастыру, олардың нәтижесін алдын ала білу арқылы адам өз қызметін және жүріс-тұрысын саналы түрде реттей алады. Осыған сәйкес ҚР Азаматтық кодексінің 935-бабында қолданылған «кінә» құқықтық категориясының ережелері тек саналы іс-әрекет субъектілеріне, яғни заңи жауапкершілік ала алатын субъектілерге (есі дұрыс, 14 жасқа толған тұлғалар), таралады. Сонымен бірге өзінің жеке құқықтары мен мүдделеріне зиян келуіне әкеп соқтырған жәбірленушінің іс-әрекеті импульсивті түрдегі, ақылға сай емес, санасыз жасалған, қажеттіліктер мен эмоцияға сүйенген іс-әрекет болуы мүмкін.

Ақылға қонымсыз іс-әрекет — айналада болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға бере алмайтын, сәйкесінше өзінің мінез-құлқына басшылық жасай алмайтын және соның нәтижелері үшін өз-өзіне есеп бере алмайтын тұлғаларға тән болады. Мұның себептері көп, олар объективті немесе субъективті сипатта болады.

Біздің ойымызша, өзінің іс-әрекеттерін басшылыққа алу қабілеттілігін жоғалтатындай адамның психофизиологиялық күйге түсуінің объективті себебі — кенеттен болатын жағдайлар мен өзгерістерден келіп шығатын экстремалды кезеңдер. Бірақ барлық азаматтар белгілі бір жүріс-тұрыс ережесін, техника қауіпсіздігін сақтауға міндетті. Алайда жоғарыда айтып өткен жағдайлар адамның санасы мен мінез-құлқына әсер ететін күрделі аффектогенді қоздырғыштар болғандықтан, мұндай сәттерде адамнан саналы әрекеттерді талап ету мүмкін емес. Сондықтан да мұндай жағдайда адам инстинктивті түрде болатын қауіп-қатерден қашуға тырысып, оның өзіне зиян келетіндей қандай да бір іс-әрекетке жол берген болса, ол әрекет шынымен де білместіктен жасалған іс-әрекет болып танылуы керек.

Субъективті сипаттың факторлары (себептері) болып нәтижесінде азамат өз әрекеттері үшін жауап бере алмайтын және оларға басшылық жасай алмайтын жағдайлар жатады: созылмалы психикалық ауру, уақытша психикалық ауытқушылық, ақыл-естің кемдігі немесе басқа да психикалық ауру түрлері. Одан басқа, саналы іс-әрекетке жатпайтын себептер ретінде стресс, шамадан тыс жүдеу, фрустрация және т.б. танылады. Бұл аталған жағдайлардың барлығы экстремалды ситуацияларды ғана орын алады, олардың әрқайсысы жеке аффектогенді қоздырғыш бола алады және адамды қауіпсіздік талап ететін адекватты әрекетті таңдау қабілетінен айырады.

Тұлғаның ақылға қонымсыз әрекеттерінің мотиві барлық кезде түсінікті бола бермейді, олар адамның қажеттілігі, құмарлығы, гипнотикалық сендіру, фрустрациондық жағдай немесе т.б. болуы мүмкін. Біздің жағдайымызда құмарлық деп адамның неге құмар екендігі, оның мақсаттары және нені қалайтындығы өзіне түсініксіз болатын жеткіліксіз түрдегі санасыз қажеттілікті айтамыз.

Гипнотикалық сендіру ұзақ уақыт бойы ақылға қонымсыз күйде болуы мүмкін, бірақ олар «жоқ жерден» құрастырылған жасанды сипатта болады.

Фрустрация нәтижесінде адамның мотивациясын толығымен өзгеріске ұшырататындай жағдайлар туындайды. Фрустрациялық жағдайдың көрініс табу деңгейі әр түрлі ситуацияларда адамды өзінің игіліктері мен мүдделеріне зиян келтіруге апаратындай күшті фактор ретінде әсер етеді.

Осылайша жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, өзінің жеке мүдделері мен игіліктеріне зиян келтірген жәбірленушінің іс-әрекеті саналы түрде емес, білместіктен де жасалуы мүмкін.

ҚР Азаматтық кодексінің 935-бабында көрсетілген жәбірленушінің «кінәсі», «қасақана ойластыру» және «үлкен абайсыздық» сияқты құқықтық категорияларды қолдану — осы нормалар әрекет шеңберінде қамтылатын адамдар тобының санын едәуір азайтады. Ал бұл өз кезегінде, осындай зиянды нәтижелерге бас болған жәбірленушінің мүліктік қиындықтарын оған тәуелсіз жағдайларға байланысты шығынның алдын ала алмаған кінәсі жоқ зиян келтірушіге жүктейді. Мұндай шешім заңи жауапкершіліктің негізгі бастамасы болып табылатын әділеттілік қағидасына қайшы келеді.

Кінә — құқыққа қайшы әрекеттердің белгісінің бірі, онсыз құқық бұзушылық та болмайды. Алайда жәбірленушінің өз әрекетін зиянды деп есептеуі және осындай зиян келтіргені үшін оны жауапты деп тану жеткіліксіз. Ол үшін жәбірленушінің психикалық қатынасы оның іс-әрекеттері арқылы көрініс табуы қажет (әрекет немесе әрекетсіздік). Біздің ойымызша, құқыққа қарсы әрекеттің орнын кінә ауыстыра алмайды, себебі олар әр түрлі құқықтық категориялар. П.С.Дагель «жәбірленушінің кінәсі» терминінің нақты емес екендігін айта келе, бұл терминмен «жәбірленуші әрекетінің субъективтік жағы ғана емес, әрекеттің тұтас өзі түсіндіріледі» деп қате жазылғандығын дәлелдейді [10].

Заңи жауапкершілік негізі болып құқық бұзушылықты құрайтын субъективтік және объективтік элементтері бар әрекет саналады. «Заң, әрекет, жауапкершілік — бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Бұл үштіктің орталығы болып адамның әрекеті есептеледі. Осы жерде ғана әрекеттің мотивтері мен жеке тұлғаның нақты мүдделері көрініс табады; ол құқықтық нормалармен реттеледі және ол заң негізінде жағымды немесе жағымсыз баға алады. Осыған сүйене отырып, адамның өз әрекеттері үшін жауапкершілік пайда болады», — деп В.Н.Кудрявцев шынайы атап өткен [11].

Айтқандардан шығатын қорытынды, өзі келтірген шығынды өтеу немесе оның көлемін азайту жағдайларына қатысты жәбірленуші әрекетінің объективтік және субъективтік белгілерін анықтау негізінде ҚР Азаматтық кодексінің 935-бабында көрсетілген «жәбірленушінің әрекеті» терминін қолданған дұрыс.

Заңнамада бірқатар деңгейде аталған мәселені шешуге тырысу жолдары көрсетілген. Соған дәлел ретінде ҚР Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің 40-бабы 4-тармағында былай жазылған: «Егер тану, алдын ала тергеу және соттық қарау кезінде тұлға ерікті түрде шындықтың ашылуына кедергі келтіру арқылы осы зиянның келуіне үлкен үлес қосқан болса, заңсыз ұстау, қамау, үй қамауында ұстау, лауазымынан уақытша аластату, мамандандырылған арнайы медициналық мекемеге жатқызу, жазғыру, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы тұлғаға келтірілген зиян өтелуге жатпайды. Бұл жағдайда жәбірленушінің өз әрекетіне қатысты психикалық қатынасы емес, оған келтірілген зиянды өтеуге өзінің қылығы (ерікті түрдегі өзіне жалған кінә тағу) кедергі келтіреді.

ҚР Азаматтық кодексінің 928-бабында, 930-бабының 1-тармағының 2-бөлімінде нақты бір жағдайларда әрекетке қабілетсіз немесе өз әрекеті арқылы зиян келгенін түсінуге қабілетсіз

тұлғаларды да мүліктік жауапкершілікке тартуға жол береді. Сәйкесінше, ол да жәбірленуші ретінде өзінің қылығы нәтижесінде келген мүліктік шығындар үшін жауаптылықта болады.

Осылайша, жәбірленушінің өзінің әрекеті немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде келген шығын үшін жауапты тұлғаны анықтау барысында (зиян келтіруші немесе жәбірленуші) соңғысының өз әрекетіне қатысты психикалық қатынасы емес, әрбір нақты жағдайда мүліктік жауапкершіліктің кімге және қандай көлемде жүктелетінін зиян келтірушінің кінәлілік немесе кінәсіздік ара қатынасында анықтайтын оның психикалық қызметінің сыртқы көріністері болуы керек.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, біздің топшылауымызша, қылмыстық немесе әкімшілік құқықтағы, сондай-ақ шарттық құқықтағы кінәнің құрылымын деликтілік құқықтық қатынасқа ауыстыра салуға жол берілмейді. Деликтілік құқықтық қатынастағы «кінә» ұғымы ерекше мәнге ие, ол мүліктік шығындар жүктелетін тұлғаны дәл анықтауға, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Красавчиков О.А. Возмещение вреда, причиненного источником повышенной опасности. — М.: Юрид. лит., 1966. — С. 145.
- 2 Шминова М.Я. Имущественная ответственность за моральный вред // Советское государство и право. — 1970. — № 1. — С. 118–122.
- 3 Белякова А.М. Имущественная ответственность за причинение вреда. — М.: Юрид. лит., 1979. — С. 10.
- 4 Басин Ю.Г. Ответственность за нарушение гражданского-правового обязательства: Учеб. пособие. — Алматы: Әділет Пресс, 1997. — С. 30.
- 5 Германское право: Гражданское уложение / Пер. с нем. Ч. 1. Науч. ред. В.В.Залесский; Пер.: Н.Г.Елисеев, А.А.Лизунов, Н.Б.Шеленкова; Введ.: В.Бергман, Е.А.Суханов. — М.: МЦФЭР, 1996. — С. 486.
- 6 Сулейменов М.К. Ответственность за нарушение сроков исполнения договорных обязательств. — Алма-Ата: Наука, 1971. — С. 67.
- 7 Покровский И.А. Основные проблемы гражданского права. — М.: Статут, 1998. — С. 288.
- 8 Шиктыбаев Т.Т. Вина причинителя и потерпевшего в деликтных обязательствах. — [ЭР]. Режим доступа: <http://pravo.zakon.kz/122988-vina-prichinitelja-i-poterpevshego-v.html>
- 9 Тархов В.А. Гражданское право. — Уфа: РИО БашГУ, 1998. — С. 275.
- 10 Дагель П.С. Проблемы вины в советском уголовном праве // Учёные записки ДВГУ. — 1968. — Вып. 21, Ч. 1. — С. 78.
- 11 Кудрявцев В.Н. Закон, поступок, ответственность. — М.: Наука, 1986. — С. 76.

Г.О.Серим

Вина причинителя вреда и потерпевшего в обязательствах, возникающих вследствие причинения вреда

В статье рассматриваются различия между основными концепциями принципа причинения и принципа вины, которые лежат в основе привлечения к гражданско-правовой ответственности, их преимущества и недостатки. Проанализированы различные мнения, существующие в науке гражданского права в отношении понятия «вины» в обязательствах, возникающих вследствие причинения вреда. Подчеркивается важное значение принципа виновной ответственности. На этом основании автор пришел к выводу, что вина в деликтных правоотношениях, исходя из правовой природы этих обязательств, проявляется намного шире и имеет свои специфические особенности.

G.O.Serim

The fault of trespasser and injured person in tort liabilities

In this article considered problems of fault of the causer of harm according to obligations owing to infliction of harm. Authors of research defined concepts of fault in civil law, its forms, made the analysis objective and subjective parts. The main purpose of research consists in designation of new approaches to formation and establishment of fault as conditions of a civil responsibility, and also clarification of value of this phenomenon in the scheme of conditions of civil responsibility. The designated purposes will allow to resolve the significant issues of theoretical character concerning fault and have to find the corresponding application in jurisprudence.

References

- 1 Krasavchikov O.A. *Compensation of the harm done by a source of increased danger*, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1966, p. 145.
- 2 Shiminova M.Ya. *Soviet State and Right*, 1970, 1, p. 118–122.
- 3 Belyakova A.M. *Property responsibility for infliction of harm*, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1979, p. 10.
- 4 Basin Yu.G. *Responsibility for violation of the civil-legal obligation: Manual*, Alma-Ata: Adilet Press, 1997, p. 30.
- 5 *German right. P.1 The Civil code*, Transl. from German, vol. 1, scientific edit. V.V.Zaleskiy, transl. N.G.Eliseev, A.A.Lizunov, N.B.Shelenkova; introduction: V.Bergman, E.A.Sukhanov, Moscow: International center of financial and economic development, 1996, p. 486.
- 6 Suleymenov M.K. *Responsibility for violation of dates of performance of contractual obligations*, Alma-Ata: Nauka, 1971, p. 67.
- 7 Pokrovsky I.A. *Main problems of civil law*, Moscow: Statute, 1998, p. 188.
- 8 Shiktybavev T.T. *The fault of trespasser and injured person in tort liabilities*, [ER]. Access mode: <http://pravo.zakon.kz/122988-vina-prichinitelja-i-poterpevshego-v.html>
- 9 Tarkhov V.A. *Civil law*, Ufa: RIO BashGU, 1998, p. 275.
- 10 Dagal P.S. *Scientific notes of DVGU*, 1968, 21, 1, p. 78.
- 11 Kudryavtsev V.N. *Law, act, responsibility*, Moscow: Nauka, 1986, p. 76.

РЕПОЗИТОРИЙ КАРГУ